

Газет 2018 жылдың 4 мамырынан шыға бастады

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЕМБІДЕ БОЛДЫ

**23 тамыз күні Атырау облысына жұмыс сапары аясында ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «Embi Munaigas» АҚ-ның бас кеңсесіне келді.**

Бұл Ембі үшін ерекше күн болды. Өйткені, осыдан 23 жыл бұрын Мемлекет басшысы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ашылу салтанатына қатысқан болатын. Міне, ширек ғасырға жуық уақыттан соң Мемлекет басшысы қазақ

мұнайының қара шаңырағына аяқ басты.

Сапар барысында ел Президенті компанияның өндірістік үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен танысты. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ Мемлекет басшысына Интеллектуалды кен орнының жүйесін егжей-тегжейлі таныстырып, бұл жобаның нақты уақыт режимінде өнеркәсіп нысандарынан түсетін ауқымды мәліметтерді өңдеуге, шұғыл шешім қабылдау



### ЦИФРЛАНДЫРУ

мақсатымен оларға әрі қарай талдау жасауға, сондай-ақ, кен орындарындағы өндіру үдерісін жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кен орындарына цифрландыру элементтерін енгізудің арқасында еңбек өнімділігі артып, құрылыстарды жөндеу мерзімінің және бірін-бірі қайталайтын құрылымдардың қысқарғанын айтып, түпкі нәтиженің пайдасы бастапқы шығыннан екі есе және одан да көбірек болатынын атап өтті.

– Мұнай өндірудің қазіргі әдістерімен ғана шектелмей, заманауи тәсілдерді де қолдану қажет. Ең алдымен, қызметкерлерді озық технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету керек, – деп тапсырды ел Президенті.

Сонымен қатар, ЕМГ кеңсесінде «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының төрағасы Ахметжан ЕСІМОВ Мемлекет басшысына «Ұлттық индустриалық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймағы қызметінің негізгі нәтижелері туралы баяндады.

(Басы. Соңы 2-бетте)

## 365 ҚАУІПСІЗ КҮН – 100% ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДА

Көп жылдар бойы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтау тек заңнаманың талабы ретінде ғана қаралды, нормативтік-құқықтық талаптар да қауіпсіздік мәселелерін басқару жөніндегі жұмыстың бағыттарын айқындады. Уақыт өте келе, біздің қауіпсіздік мәдениетіміз өндірістік процестердің күрделілігін түсіну, еңбекті қорғау мәселелеріндегі дербес жауапкершілікті арттырудың маңыздылығы мен қажеттілігін жақсарту жағына қарай өзгере бастады. Біз осы бағыттың одан әрі дамуының куәгерлеріне айналдық, ішкі команданың барынша тиімді өзара іс-қимылының нәтижесінде біз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында өзімізді көшбасшы ретінде қабылдай бастадық. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек заңнамалық талаптарды орындау ғана емес, сонымен бірге қызметкерлер,



мердігерлік ұйымдардың өкілдері мен қоғам алдындағы біздің адамгершілік борышымызға айналды. Бұдан басқа, біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау бойынша таңдаулы тәжірибелерді енгізу ешқандай зиян әкелмейтінін түсіндік, осыған орай, қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған жағдайда, материалдық, адами зор шығындарға және де іскерлік беделіміздің төмендеуіне алып келері

### ҮНДЕУ

анық. Қауіпсіздік тұрғысында ең қолайлы күн – бұл ҚМГ барлық қызметкерлері өз отбасыларына жарақат алмай аман-сау оралатын күн, апаттардың болмаған және біздің қызметіміз қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін күн. 2014 жылы біз алғаш рет осы күндердің есебін бастадық және осы айтылған оқиғаларсыз 90 күн жұмысымызды қауіпсіз жасап шықтық. 2015 жылы бұл көрсеткіш 96 күн болса, 2017 жылдың соңына қарай 30%-ға жақсарып, 125 күнге жетті. Ағымдағы жылдың статистикасы жылдың соңына қарай 200 қауіпсіз күнді болжауға мүмкіндік берді, алайда оң серпінге қарамастан, біз әлі де болса жаңа жетістіктерге қол жеткізуге ұмтыламыз. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз 365 қауіпсіз күнге жақындаған сайын әрбір келесі күнге қол жеткізу үшін күш-жігерімізді көбірек жұмсайтындығымызды түсінуіміз керек.

(Басы. Соңы 2-бетте)

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы:**  
**Компания тарихы үшін ерек күн**

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы 95 жылдық тарихы бар Компаниямызға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы келгеніне дән риза.

Компания соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасына сай өндіріске жаңа технологиялар мен жобаларды енгізіп келеді. Қазіргі заман талабына сай, мұнай-газ саласын цифрландыру уақыт күттірмейтін өзекті мәселе екені белгілі. Осы орайда, геологиялық барлау, мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жұмыстарын жүргізу, мұнай мен газды өндіру, дайындау қызметтерімен айналысатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы соңғы жылдары кен алаңдарын цифрландыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударып отыр. Өндірістің тиімділігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу, оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, бизнесті дамыту үшін бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

2016 жылы өндіріс шығындарын оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилоттық тәртіпте Уаз кен алаңында іске қосылып, бүгінде өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Мемлекет басшысын бұл жобадан, әсіресе, жаңа технологиялардың тиімділігі қызықтырды. Айқын нәтиженің бірі, электр энергиясын үнемдеу 35 пайыздан жоғары көрсеткішке жетті. Ұңғымалар қорын пайдалануды үдету арқылы қосымша мұнай өндіру көлемі артты. Жерасты жөндеу жұмыстарының көлемі қысқарып, әр ұңғымалардағы мұнай өндіру есебі бірыңғайланды. Сонымен қатар, өндірістік қауіпсіздікті арттыруға қол жеткіздік. Мұның барлығы жоба іске қосылғаннан бері 2-3 жыл ішінде инвестицияны қайтаруға мүмкіндік береді.

Ұңғымалар параметрлері онлайн-режимінде мұнай-газ өндіру басқармаларындағы диспетчерлік бөлімге және ЕМГ өндірістік процестерді қадағалау орталығына жіберіледі. Келіп түскен ақпарат осы жерден сарапталып, соның негізінде ұзақмерзімді жоспарлар құрылады.

## ЦИФРЛАНДЫРУ

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ЕМБІДЕ БОЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған қоса, Мемлекет басшысына Атырау қаласы инженерлік желісінің электронды сызбаларына, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге, кең таралған пайдалы қазбалар орындарына және өңірдегі жерлерді пайдалану шарттарына, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке электронды форматта тапсырыс беруге немесе мемлекеттік органға өтініш жолдауға онлайн-мониторинг жасау үшін мүмкіндік туғызатын Атырау облысының геоақпараттық порталының жұмысы таныстырылды.

Атырау облысының әкімі Нұрлан НОҒАЕВ аталған электронды ресурстың енгізілуі өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бизнес-процесті автоматтандыруға, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қатерін және жерді пайдалану шарттарының бұзылуын азайтуға мүмкіндік беретінін айтты.

**Абат ҚҰТЖАНОВ, «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры:**

**Елбасы үлкен міндеттерді жүктеді**

Қазақ мұнайының бастауында тұрған 95 жылдық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-на Президентіміздің келуі – ембілік мұнайшылар үшін үлкен мәртебе.

Мемлекет басшысы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Интеллектуалды кен алаңы жобасын жоғары бағалады.

Аталған тендесі жоқ жобаның көмегімен 24 сағат бойы үзіліссіз жүздеген шақырым қашықтықта орналасқан кен орнын онлайн режимде бақылауға болады. Мәселен, аяқ астынан ұңғыма жұмысы тұрып қалуы мүмкін. Сол уақытта біз осы жерден тез арада бақылауға алып, тапсырма беріп, ұңғыманы қоса аламыз.

Соңғы технологияларды атыраулықтар инженерлік жүйеде ұтымды пайдаланып жүр. Елбасы геопортал арқылы ауыл шаруашылық, табиғи пайдалы қазбаларды өндіру сынды салалардағы жұмыс барысын онлайн бақылап, электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтермен танысты.

2017 жылы Компанияға қарасты Прорва кен алаңдары тобына таратылды. Ал, биыл бұл бағдарлама «Жайықмұнайгаз» бен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының кен алаңдарында іске асырылуда.

Игілікті істің заңды жалғасы ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ 2023 жылға дейінгі «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасында 11 кен алаңын сандық жүйеге көшіруді жоспарлап отыр.

## 365 ҚАУІПСІЗ КҮН – 100% ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДА

(Соңы. Басы 2-бетте)

Сол себепті біз «100% қауіпсіздік» бағдарламасын іске қосамыз. Егер бұрын жазатайым оқиғалар мен апаттардың толықтай болмауы біздің пайымымыз болса, ал енді – бұл нәтижені күту болып табылады. Бұл біздің өзіміздің және мердігердің қызметкерлеріне тиісті құқықтарын бере отырып, егерде қауіпсіздік техника қағидалары орындалмау, бұзу немесе «100% қауіпсіздік» қағидатынан ауытқушылық орын тапқан кездерде, олар өз пікірін ашық айта алатынын, жұмыс барысына араласа

отырып, қойылған талаптарға сәйкестендіруді қамтамасыз ететінін күтеміз.

**Қауіпсіздік ережелерін 100% сақтау деген ұстаным ҚМГ компаниясының негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Бұл жай ғана ұран емес!**

Мен және ҚМГ басшылығының бәрі «100% қауіпсіздік» қағидатын бұлжытпай орындаймыз. Компанияның барлық тобы бойынша осы жолдаудың тартылуын және дұрыс түсінуін қамтамасыз етуді сұраймын.

**С. Мыңбаев**  
**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ**  
**Басқарма төрағасы**



# АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ



## 1

**ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз**

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ



## 2

**Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз**

Заклучите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета



## 3

**«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз**

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

## 4



**Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз**

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

## 5



**Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз**

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

## 6



**Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)**

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының басталу мерзімі – 2018 жылдың 13 тамызы.



Өтінішті қабылдауды брокер 2018 жылғы 16 қарашада сағат 17.00-де, трансфер-агент 2018 жылғы 14 қарашада аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілгеннен кейін)



Спекторги (после проведения спекторгов)

Дата начала программы выкупа привилегированных акций – 13 августа 2018 года.



Финальная дата приема заявок брокером – 15 ноября 2018 г. 17:00ч. (трансфер-агентом – 14 ноября 2018г.)

## БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- **Атырау қ.**, Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93  
Баймұқанов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69  
Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-02
- **Құлсары қ.**, Махамбет д-лы, 23; 8 (71237) 5-17-38
- **Мақат к.**, Мұқашев к-сі, 19; 8 (71239) 3-17-18
- **Доссор к.**, Сүлейменов к-сі, 1; 8 (71239) 2-18-01
- **Ақтау қ.**, 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- **Жаңаөзен қ.**, Шаңырақ ш.а., 46Е үй; 8 (72934) 7-17-90

Барлық сұрақтар бойынша Қазпоштаның бірыңғай байланыс орталығына хабарласыңыздар

**1499**

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- **Астана қ.**, Иманов көш, 13, 101 кеңсе; 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- **Алматы қ.**, Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30 А/3;  
тел. 8 (727) 272-47-60, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:  
Уәлиханов к-сі, 1, «Эмбімұнайгаз» АҚ,  
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:  
Қ. Сәтбаев к-сі, 3, «Өзенмұнайгаз» АҚ,  
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

## КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- **г. Атырау**, ул. Абая, 6; 8 (7122) 95-69-93  
ул. Баймұханова, 70А; 8 (7122) 95-69-69  
Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-02
- **г. Құлсары**, пр. Махамбета, 23; 8 (71237) 5-17-38
- **п. Мақат**, ул. Мұқашева, 19; 8 (71239) 3-17-18
- **п. Доссор**, ул. Сүлейменова, 1; 8 (71239) 2-18-01
- **г. Ақтау**, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- **г. Жаңаөзен**, мкр. Шанырақ, зд. 46Е; 8 (72934) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпочты

**1499**

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- **г. Астана**: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- **г. Алматы**, Бостандықский р-н, ул. Сәтпаева, 30А/3  
тел. 8 (727) 272-47-60, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-60, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:  
ул. Валиханова 1, АО «Эмбімұнайгаз»,  
департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Контакты в г. Жаңаөзен:  
ул. К. Сәтпаева 3, АО «Өзенмұнайгаз»,  
департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2018 жылғы 16–17 тамыз күндері «Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі мен «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдығына орай спорттың бірқатар түрінен жарыстар өтті.**

Мерекелер қарсаңындағы спартакиадалық жарыстар **кіші футбол турнирімен** басталды. Жарыстың ашылу салтанатына **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

– Тарихы тереңде жатқан Компаниямыз үшін мұнайшыларды өндіріс қауіпсіздігімен қамтамасыз етумен қатар, олардың денсаулықтары мен өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасау басты басымдық саналады. Барлық жұмысшыларымыз

## ЖАРЫС ЖОЛЫНДА – ЕМБІЛІКТЕР

отбасы мүшелерімен бірге медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіліп, барлық кен алаңдары базаларында спортпен шұғылдануға жағдайлар жасалған. Сондықтан, атаулы мерекелерге орай ұйымдастырылатын шараларды спорттық жарыстардан бастауды ұйғардық, – деді **Әнуар Жақсыбеков**.

Доп додасына Компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппаратының, барлығы 8 команда қатысып, 70-ке жуық қызметкердің басын қосты.

Екі күнге созылған байрақты бәсекенің финалдық кездесуінде Орталық басқару аппаратының командасы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ командасынан басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. Ал, «қайнарлықтар» күміс жүлдегер атанды. Жүлделі III орынды «EMG-EP Catering» командасы иеленді. Жеңімпаз және жүлдегер командаларға кубок, медальдар табыс етілді. Сонымен қатар, турнир соңында үздік ойын көрсеткен ойыншылар номинациялар бойынша марапатталды:

**Серік Бисекенов («Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы)** – «Үздік қақпашы»; **Ерназар Табылдиев («EMG-EP Catering» командасы)** – «Үздік шабуылшы»; **Батырбек Жүнісов («ӨТҚЖЖК» командасы)** – «Үздік жартылай қорғаушы»; **Нұрбек Ишанов (Орталық басқару аппараты командасы)** – «Үздік қорғаушы», **Айгүл Какимова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)** – «Үздік бапкер» атанды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған мерекелерге орай 17-тамыз күні **«Инфинити» бильярд клубында жарыс** ұйымдастырылып, 16 қызметкер жарыс жолына шықты.

Ойын екі жеңіске дейінгі екі пирамида жүйесі бойынша өтті. Жарыс қорытындысымен Орталық басқару аппараты командасынан **Жолдас Ильясов** жеңіске жетті. Ал, аталған команданың мүшесі **Талғат Әбілов** – II орын, **Нұрқуат Наурызғалиев («ӨТҚЖЖК» командасы)** – III орынды жеңіп алды. Жекелеген номинациялар бойынша **Амантай Дюсеғалиев** – «Ең ересек ойыншы», **Бауыржан Ерекешов** – «Жеңіске деген жігері үшін», **Қадыр Әбуов** – «Ең жылдам ойыны үшін» аталымдары бойынша марапатталды.

Спартакиадалық ойындарды дәстүрлі **«Алтын ұя» отбасылық эстафеталық жарысы** қорытындылады.

**Бұл жарысқа Компанияға қарасты басқармаларда еңбек ететін мұнайшылар қатысып, өз жанұяларымен бірге 10 эстафеталық жарыс бойынша бақ сынады.**

Дода қорытындысымен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының намысын қорғаған **Салимовтар отбасы** жеңіске жетті. Ал, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан **Есқазиевтер жанұясы** II орынды иеленсе, Орталық басқару аппаратының бухгалтері **Мақсат Сүйесіновтің** отбасына III орын бұйырды. Жеңімпаз бен жүлдегер командалар диплом, кубок, медальдармен марапатталды. Бұған қоса, барлық қатысушы отбасылардың балаларына ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

**«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі.**





## ЕМБІНІҢ МҰНАЙШЫ ҚЫЗДАРЫ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУҒА МАҚСАТЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ТРЕНИНГКЕ ҚАТЫСТЫ

ЖАҢАЛЫҚТАР

Тамыздың 13-15-сі күндері аралығында Алматы қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен өзін-өзі дамыту, өзіне деген сенімділікті арттыру мақсатында тренинг өтті. Көшпелі тренингке Компанияға қарасты алты басқармадағы клуб жетекшілері мен белсенді мүшелері қатысты.

– Мұнайшы қыздар арасында тренингті ұйымдастыру арқылы Компанияда еңбек етіп жатқан мұнайшы қыздардың жеке және іскер қабілеттерін арттыруға мән беріп отырмыз, – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары **Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА**.

Мұнайшы қыздарға арналған тренингті **Халықаралық «FranklinCovey»**

**компаниясының қазақстандық сертификатталған тренері Айнұр Ботаханова** жүргізді. Тренинг американдық жазушы, психолог Стивен Ковидің әлемге кең танылған еңбегі «Жоғары тиімді тұлғалардың 7 дағдысы» атты кітабының негізінде жүргізді.

Үш күнге созылған тренингте мұнайшы қыздар ұжымдағы бірлік пен татулықты нығайтуды мақсат еткен ішкі коммуникация талаптарын сақтау жолдарына қатысты әр түрлі тапсырмаларды орындай отырып, ішкі потенциалды нығайтуға қатысты құнды кеңестерді тыңдады.



## СЕРІКТЕСТІК

ЕМГ бас кеңсесінде Атырау облыстық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен компания басшылығы мен кәсіпкерлердің II кездесуі өтті.



Жиынға Атырау облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Абдолла Идресов, кәсіпкерлер мен Компанияның басқару аппараты құрылымдық бөлімшелері басшылары қатысты.

– Кәсіпкерлік саланы дамыту – ел экономикасы үшін үлкен маңызға ие. Сондықтан, Компания жергілікті кәсіпкерлермен жиі кездесу ұйымдастыру бастамасын көтерді. Бүгінгі жиыннан соң өндіріске жаңа технологияларды

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА ӨТТІ

енгізіп, өз тауарлары мен қызметтерінің сапасына жауап беретін жергілікті кәсіпорындар мен өндірушілер сатып алу рәсімдеріне қатысатынына үмітіміз зор, – деді **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков**.

Бұдан кейін Компания қызметкерлері сатып алу рәсімін жүргізу кезінде басшылыққа алатын «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорының Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесін түсіндірді. Сондай-ақ, жиын барысында кәсіпкерлерге толғандырылған сауалдары бойынша Компанияның коммерциялық блогы басшылары мен мамандарынан жауап алуға мүмкіндік берілді.

– Атырау облысында 160 шақты отандық тауарөндірушілер қызмет көрсетуде. Ал, олардың қызметінің дамуы мемлекеттік және

квазимемлекеттік сектордың сатып алу рәсімдеріне қатысуымен тікелей байланысты болып отыр. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы үшін сатып алулардағы жергілікті қамту үлесін көбейту басты басымдық саналады. Кәсіпкерлер де өз тараптарынан белсенділік танытулары керек. Мұндай кездесулер бизнес үшін өте қажет. Өйткені, кәсіпкерлер сатып алу рәсімдеріндегі жаңалықтар мен өзгерістерді білу үшін ірі кәсіпорындар басшылары – тапсырыс берушілермен тікелей кездесе алады. Осындай ашық пікір алмасу алаңын ұйымдастырған «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына алғашымды білдіремін, серіктестігіміз әрі қарай да дами береді деп үміттенемін, – деп атап өтті **Атырау облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Абдолла Идресов**.



# МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!

ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ



Қасиет тұнған мұнайлы мекен Мақат топырағында дүниеге келіп, Қазақстан болашағы үшін мұнайшы болып қызмет етіп келе жатқаным - мен үшін асқан бақыт!

Мен – мұнайшымын. Қарап тұрсам, өзім мақтан ететін мұнайшы мамандығын игеріп, абыройлы еңбек етіп келе жатқаным 33 жылдан асыпты. Алған білімдерімді ауыр да қызықты мамандығымды атқару жолында толығымен іске асыруға тырысып келемін. Мен өз мамандығымды сүйемін.

Доссор мұнай кен орны Атырау облысының Мақат ауданында орналасқан. 1911 жылы №3 ұңғымадан 29-сәуір күні 250 метр тереңдіктен юра қабатынан мұнай фонтаны атқылаған. Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Доссор мұнайы ғасырдан аса жасап келе жатыр. Қазақстанда ашылған ең алғашқы өндірістік маңызы бар мұнай кені. «Доссор-мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жетістіктері мен марапаттары жүздеген мұнайшылар мен жер қойнауын бағындырушылардың жемісті еңбегінен тұрады. Мұнай кәсіпшілігінің дамуымен бірге кен орындардың игеру жүйесі де үздіксіз жетіліп келеді.

Басқарма басшысы Амангелді Сүлейменовтің білікті басшылығының арқасында мекеме жоғары көрсеткіштерге, жақсы жетістіктерге ие. «Доссор-мұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты 4 мұнай өндіру цехы, 2 мұнай дайындау цехы, 1 жерасты құрал жабдықтарын жөндеу цехы, 1 арнаулы көлік керуені цехы бар. Мол өнім беріп тұрған негізгі 2 кен алаңы Ботақан, Шығыс Мақат кен алаңдарына ұңғыларды интеллектуалды басқару жүйесі енгізілген.

Шығыс Мақат кен орнынан өндірілетін қара алтынның құрамында күкірт аз және технологиялық құрамы

жоғары. Мұнай сапасын зертхана-шылар үнемі тексеріп отырады. Кен орында мұнай өндірудің жаңа технологиялары бұрандалы сораптар жұмыс істейді. Мұнайды дайындау және тасымалдау цехының қуаттылығы айтарлықтай күшті. Бүгінде мұнаймен бірге келетін ілеспе газды өндіру арқылы цех көгілдір отынмен бүкіл өндірісті және жақын маңдағы елді мекендерді қамтамасыз етіп отыр.

Тағы бір ауыз толтырып айтатын шара, Ақтөбе трассасынан Шығыс Мақат мұнай өндіру цехына дейін 12 шақырым жол асфальтталды. 2015 жылы Шығыс Мақат кен алаңында 40 көлікке арналған арнаулы көлік керуені гаражы іске қосылды. Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру – қазіргі заман талабы. Заманауи шешімдер логистиканың барлық буынының өзара байланысын ұйымдастыруға жағдай жасауда. Заманауи технологияларды көлік саласында да пайдалану аса маңызды. Бұл барлық арнаулы көлік керуені мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбек қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы түпкі мақсаты компанияның кен орындарында толық қауіпсіз өндіріс құру болып табылады. Осы мақсатты ұстанған «Доссор-мұнайгаз» өндірістік басқармасы қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. «Ұңғымаларды жерасты жөндеу үздік бригадасы»; «Еңбекті қорғау өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі бойынша үздік құжат жүргізу»; «Үздік жұмыс орны»; «Үздік арнайы техника жүргізушісі»; «Өндіріс нысандарындағы үздік жатақхана», «Жылдың ең үздік қауіпсіз кәсіпорыны» болып танылды. Мұнайшыларымыз ел тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

«Доссор-мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы жұмысының аса маңызды және ажырамас бөлігі – әлеуметтік сала. Бізге қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының, қызметімізді жүзеге асырып жатқан кентер тұрғындарының еңбек және өмір сүру жағдайын жақсарту үшін үлкен

жауапкершілік жүктеліп отыр.

Жұмысшылардың жағдайы мен әл-ауқатын көтеру мақсатында кен алаңдарында заман талабына сай жатақханалар мен асханалар бар. Басқарма қызметкерлері мен жұмысшыларына сапалы медициналық қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалған. «Медикер» ЖШС дәрігерлеріне жұмысшылар денсаулықтарын тексеруден өткізуге типтік вагондар орнатылып, медициналық пункттер жұмыс жасауда.



Балалар үшін жазғы демалыстың орны қандай ерек екені баршамызға мәлім. Оны пайдалы әрі қызықты етіп өткізу мақсатында жазғы балалар демалыс орындарының жұмысы жолға қойылған. Балалардың жазғы демалыс орындары әртүрлі болғанымен, олардың мақсаты мен міндеті бірдей: балаларды тынықтыру, қызықтыру, денсаулығын нығайту, білімін кеңейту, тәрбиелеу. Ол үшін басқарма барлық жағдайды ұйымдастырып отыр.

Қарт кісіні құт-береке деп танысак, ол – ұрпақ көрегендігі. Басқарма мекеме зейнеткерлеріне, қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты жағдай жасауда.

Бұдан бөлек, басқармада қызметкерлердің өнері, бойындағы тума таланты мен қабілетін ашуға жол беретін байқаулар мен спорт шаралары тұрақты әрі жиі өткізіліп тұратынын айта кетсем деймін. Осындай көптің игілігі үшін жасалып жатқан іс-шараларға азды-көпті үлес қосып отырғанымға қуанамын.

Мен ұжымыммен мақтанамын! Қамбадағы «қара алтынымыз» сарқылмай, қазынамыз ел игілігіне бұйырғай!

**Жанат АРЫСТАНОВА,**  
**Әлеуметтік қамсыздандыру**  
**бөлімінің маманы.**  
**«Доссор-мұнайгаз» МГӨБ.**



С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕН АЛАҢЫНА – 50 ЖЫЛ

## ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ



(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

Май толы қазанның тетігі басылып, мол қазына орталыққа алғаш айдалғанда өндіріс басында болғандар аға инженер Рысқали Қалмұханов, шебер Сайын Саппаев, кейін мұнай өндіру цехының шебер жетекшісі, шебер Нұролла Сарбасов пен операторлар Мұхит Өтеғалиев, Еролла Дүйсенғалиевтар еді. М.Өтеғалиев бір дүркін, ал, Е.Дүйсенғалиев екі дүркін «Еңбек даңқы» орденінің иегерлері атанды. Бүгінде майталман мұнайшы Еролла Дүйсенғалиев құрметті зейнеткерлік демалысында. Ал, Рысқали Қалмұханов, Сайын Саппаев, Нұролла Сарбасов пен Мұхит Өтеғалиев дүниеден озған. Мартышидан айдалған мұнайды Аққыстау басында қабылдаған, марқұм Олжабай Катпенев өнімді шойынжолға жөнелткендердің алғашқысы болған. Сөйтіп, қос өзен аралығындағы «қара алтын» осылай халықтың игілігіне жұмысалатын қазынаға айналды. Өмір керуені тоқтаусыз алға зымырайды. Мартышидың алғашқы мұнайын зауытқа жөнелткенде отыз жаста жалындап жүрген жас жігіттер бүгінде зейнеткерлер қатарында, Еділ-Жайық арасы мұнайшыларының ардагер ағалары тобына қосылды. Осы мезгіл ішінде Еділ-Жайық арасы мұнай-



шыларының еңбек жолдары ұрпақтан ұрпаққа жалғасар ерекше еңбек шежіресі қалыптасты.

1960 жылдарда Атырау өңіріндегі мұнай өндіру кәсіпорындарының басқарылу жүйелері өзгешелеу болатын. «Ембімұнайгаз» АҚ ол кезде «Эмбанефть» комбинаты деп аталып, Ақтау қаласында ұйымдастырылған «Қазақстаннефть» бірлестігіне қарады. «Эмбанефть» Еділ мен Жайық арасының мұнайын игеруді өзіне қарасты Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасына міндеттеді. Байшонас кәсіпшілігін ол кезде



Қуаныш Құдабаев басқарған болатын. Оған 1967 жылы Мартыши мұнайын шұғыл өндіру тапсырмасы берілді. Қуекең басқарған жылдары Байшонас өндірісі жөнінен де өте жоғары және кадрлары қандай қиындыққа салсаң да сыр бермейтін дәрежеде болған. Сондықтан бұл өлкенің қазынасын игеру басқа емес, ең алдымен байшонастық мұнайшылардың еншісіне тиген. Не базасы жоқ, не үй - жайы жоқ, не жолы жоқ, не электр стансасы жоқ жерде Қуекеңнің тәрбиесін көрген тәжірибелі, шыныққан мамандардың болуы қажет болды.

**Қуаныш Құдабаевтың әңгімесі:** Алпысыншы жылдардың бас кезінде Маңғыстау түбегі жаңа түлеп жатты.

Нақ сол шамада Прорва кен орны да толығынан ашылып, бүкіл Қошқардың жарты халқы солай қарап аунап көшті. Енді бірқатары Өзен мен Жетібай кен орындарына аттанды. Тек біз, байшонастықтар ғана, аңдысын аңдып, артта қала бердік. Оған себеп Қарсаққа жақын маңда Гурьев дөңесі деген жаңа құрылым бар. Жобалық тереңдігі 7 мың метрден астам. Таяу болашақта осы төңіректе аса терең, яғни параметрлік үш ұңғыма қазылатын деген қауесет болды. Тұзасты қабаттарының мұнайы платформа тұрпатты, тым мол деп геолог ағайындарымыз қақсап қоймайды. Бір жағынан соған



да алаңдаймыз.

Сөйтіп жүргенде осынау Еділ - Жайық екі өзен аралығынан ең алғашқы Мартыши кен орны ашылды. Мұнай қоры әзірге есептеліп жатты. Барлау - бұрғылау жұмыстарын Салтанат Балғымбаев басқарған экспедиция ұжымы жүргізулі.

Кейін осы өзіміздің Балықшы бұрғылау жұмыстарының басқармасы пайдалану - бұрғылауын өз жауапкершілігіне алған сияқты. Меніңше, Асабай Хисметовтың тұсында. Яғни, тым берігіректе. Содан 1963 жылы ашылған Мартыши 1967 жылға шейін қозғаусыз жатты. Ешкімге керегі жоқтай. Өйткені жер шалғай. Сонау Новобогат ауданының территориясы.

Мұнайшылардың дені жылы орындарын суытқысы келмейді. Отырықшылыққа әбден үйреніп алған. Ескі қормен жұмыс істейтін кен орындарының тәуліктік өнімі аз. Табыс



та әнебір көп емес. Соның өзін қанағат тұтып, салқын үй, салулы төсек. Балаларын оқытып, малдарын жақын жерде жайып дегендей, барына қанағат етіп жүріп жатқан жай барды.

Не басынды ауыртайын, бір күні айдап отырып, Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетовке бардым. Бардым да «Осы Мартышиды бізге бер» деп сұрадым.

- Тағы не сұрайсың? - деді.

- Сосын Айдыналиевті қалаймын, - дедім жұлып алғандай.

Жөкең, жарықтық, бір сөйлейтін кісі ғой. Турасын айтты.

**Бағыт СМАТУЛЛИН**  
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесінің төрағасы.

(Жалғасын газеттің келесі нөмірінен оқи аласыздар)

С.БАЛҒЫМБАЕВ – 50

## МЕРЕЙЛІ ТОЙ БАҒДАРЛАМАСЫ

Биыл «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты С.Балғымбаев кен алаңына – 50 жыл. Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында - **6-қыркүйек күні** тойланғалы отырған мерейтойда бірнеше мерекелік шаралар ұйымдастырылады.

**Арнаулы техникаларға арналған ұңғымаларды жерасты жөндеу көтергіш агрегаттарын жөндеу гараж-боксы іске қосылады.** 2016 жылдың желтоқсан айында басталған нысан құрылысы өрт және жарылыс қауіпсіздігі талаптарына сай жүргізілді. Гараж-бокс ғимараты жерасты жөндеу агрегаттарын техникалық бақылаудан өткізуге және жөндеу жұмыстарын жүргізуге лайықты салынған.

**С.Балғымбаев кен орнында 150 адамға арналған жаңа модульді асхана пайдалануға тапсырылады.** Мұнайшылардың жаңа асханасында С.Балғымбаев кен алаңындағы барлық цех жұмысшыларының бір мезетте тамақтануына мүмкіндік бар. Осы кен алаңындағы бұрынғы 100 орындық асханада мұнайшылардың түскі ас кезінде кезек күтулеріне тура келетін. Енді бұл проблеманың шешімін табуына аз ғана күн қалды. Мұнайшылар күніне орай өтетін салтанатты шара кезінде «лентасы қиылатын» асханада барлық санитарлық



талаптар толығымен қарастырылған.

**С.Балғымбаев кен алаңының орталық алаңындағы салтанатты шарада марапаттау рәсімі өтіп, шара кезінде Компания басшылығының, ардагер-мұнайшылардың және жергілікті билік өкілдерінің мұнайшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтаулары ұйымдастырылады.** Мерейтойға арналған концерттік бағдарлама назарға ұсынылады.

**Аққыстау селосындағы Исатай аудандық мәдениет үйінде республикалық ақындар айтысы өтеді.** Оған қазақ жұртшылығына кеңінен танылған Айнұр Тұрсынбаева, Балғынбек Имашев, Бекарыс Шойбеков, Сара Тоқтамысова, Жандарбек Бұлғақов, Саадат Нұрманов пен мұнайшы ақындар Салаут Исахаев, Сырымбек Сарсембаевтар қатысады.

**С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шараны Аққыстау селосындағы орталық стадионда өтетін Гала-концерт қорытындылайды.** Мерекелік бағдарламада қазақ эстрадасының жұлдызды жұбы Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдина және Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияның өнерпаздары өнер көрсетеді.

АРДАГЕРЛЕР

## ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ДЕМАЛЫСҚА – ҚҰРМЕТПЕН

2018 жылғы 10 тамызда «Ембімұнайгаз» АҚ акт залында «Еңбегім – елім үшін» аудит және активтер департаментінің директоры Сатыбалды АТРАУОВТЫ зейнеткерлік демалысқа шығарып салуға арналған салтанатты жиын өтті.

Ол осыдан 45 жылға жуық уақыт бұрын өндіріс алаңына келіп, «Мақатмұнай» МГӨБ-нің ұңғыларды жерасты жөндеу операторының көмекшісі болып, еңбек жолын бастады. Содан бері ұңғыларды жерасты жөндеу операторы, су қоймасына су айдау жүргізушісі, 4-ші санаттағы мұнай өндіруші операторы болып жұмыс істеді және өз біліктілігін үнемі жетілдіріп отырды. И.М.Губкин атындағы Мәскеу институтын тәмамдаған соң, мұнай-газ саласының дамуына экономист қызметінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-ның аудит және активтер департаментінің директорылығына дейінгі еңбек жолында сүбелі үлес қоса білді.

С.Атырауов өз кезегінде еңбек жолында қолдау көрсеткен әріптестеріне алғысын білдірді.

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:  
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:

А. Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)



<https://t.me/embamunaigas>



[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; Айболат

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; Қайрат

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; Бауыржан

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ  
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА  
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов  
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,  
105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура

8 (7122) 99-34-77

[L.Suleimenova@emg.kmgep.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgep.kz)

ҚАРАЖАНОВА Ғалия

8 (7122) 99-34-21,

[G.Karajanova@emg.kmgep.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgep.kz)

ЕРТЛЕУОВА Айгүл

8 (7122) 99-32-09,

[A.Ertleuova@emg.kmgep.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgep.kz)

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай

8 (7122) 99-34-80

[K.Tulegenov@emg.kmgep.kz](mailto:K.Tulegenov@emg.kmgep.kz)